

DEXP

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

**Веб-камера
DEXP Chat M100R1**

Құрметті сатып алушы!

Сізге «DEXP» сауда маркасымен шығарылатын бұйымды таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Біз Сізге жоғары сапа, функционалдылық және дизайн талаптарына сәйкес әзірленген және жасалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынғанымызға қуаныштымыз. Жұмысты бастамас бұрын, осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз, онда сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ бұйымды дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстар бар. Осы Нұсқаулықтың қауіпсіздігіне назар аударыңыз және оны бұйымды одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Сақтық шаралары


- Құрылғыны өзіңіз өзгертуге тырыспаңыз және оның корпусын ашпаңыз. Бұл құрылғыда пайдаланушы қызмет көрсететін ішкі элементтер жоқ.
- Құрылғыны ылғал мен шаңға ұшыратпаңыз.
- Құрылғыны төтенше температура мен тікелей күн сәулесінің әсерінен қорғаңыз, ұзақ әсер ету құрылғының ішкі элементтері мен корпусына теріс әсер етуі мүмкін.
- Бұл құрылғы үй-жайдан тыс жерде пайдалануға арналмаған.
- Бөгде заттар мен сұйықтықтар құрылғы корпусына түскен кезде құрылғыны пайдалануды дереу тоқтатыңыз. Уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Жағымсыз иіс немесе түтін, қызып кету немесе құрылғының кез-келген басқа ақаулары болған кезде құрылғыны пайдалануды тоқтатыңыз. Уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Құрылғыны соққылардан, құлаудан, сызаттардан және басқа зиянды әсерлерден қорғаңыз.
- Бұл құрылғыны құлағаннан кейін пайдаланбаңыз, сондай-ақ USB кабелінде немесе құрылғының өзінде көрінетін зақым болса, уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Құрылғы коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.

Маңызды!

Теле- және бейнеконференцияларды жүзеге асыру үшін дыбыстық карта және интернет желісіне қосылу қажет.




Бұл веб-камераны әдепкі бейне жазу құрылғысы ретінде конфигурациялау ұсынылады. Мұны орындау үшін Сіздің ДК «Басқару тақтасын» ашып, «Құрылғы диспетчері» опциясын таңдаңыз, содан кейін тізімнен тиісті құрылғыны тінтуірдің оң жақ батырмасымен бейне жазу құрылғыларын қосыңыз және өшіріңіз.

Жылжымалы көп функциялы бекітудің көмегімен бекіту



Қолмен фокустау

Камераның фокусын реттеу үшін линзада орналасқан реттегішті қолданыңыз.



Тазалау және күтім

Линзаны оптикалық жабдыққа арналған құрғақ шүберекпен көп күш жұмсамай тазалаңыз. Түкті маталарды пайдаланбаңыз.

Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: M100R1.
- Кіріктірілген микрофон.
- Максималды рұқсатнама: 1920x1080 – 30 кадр/с.
- USB 2.0.
- Қолмен фокустау.
- Мониторға бекіту.
- Матрица түрі: CMOS.
- Үйлесімді ОС: Windows.

Мүмкін проблемалар және оларды шешу

| Проблема | Ықтимал шешім |
|-----------------------------------|---|
| Сурет жоқ | Кабель қосылымының дұрыстығына көз жеткізіңіз |
| | Бейне параметрлерін тексеріңіз |
| | Кедергілердің жоқтығына және құрылғы объективінің бағытының дұрыстығына көз жеткізіңіз |
| Сурет тым қараңғы немесе тым ашық | Жарықтың жеткілікті мөлшеріне көз жеткізіңіз. Қажет болса, жасанды жарық көздерін пайдаланыңыз. |
| | Қолданылатын құрылғыдағы кескіннің жарықтығы мен контрастын реттеңіз |
| | Веб-камераны күшті жарық көзіне тікелей қоймаңыз |
| | Объективті ластанудан тазартыңыз |

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және жою ережелері мен талаптары

- Құрылғыны сақтау дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында, қаптамада ауа температурасы 5 °С-тан 40 С-қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын кезде жүргізілуі тиіс. Үй-жайларда тотығуды тудыратын агрессивті қоспалар (қышқыл булары, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты өңдеуді талап етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Осы бұйымды жою қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуға тиіс. Бұйымдарды жою қалдықтардың бақылаусыз шығарылуы нәтижесінде қоршаған орта мен адам денсаулығына ықтимал зиян келтірудің алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді.
- Ақаулар анықталған жағдайда уәкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Кепілдікті қызмет көрсету шарттары

Өндіруші кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Кепілдік қызмет көрсету пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес бұйымды пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімі мына мекенжайда:

<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Шэньчжэнь Кэмэй Сэйко Тэкнолоджи Ко., Лтд.

4F, 5F, № 5 ғим., Хунхуэй өндірістік аймақ,
Люсянь екінші тас жолы, Синьянь к-сі, Баоань
ауданы, Шэньчжэнь қ., Гуандун пров., Қытай.
Қытайда жасалған.

**Импортер / юр. лицо, принимающее претензии
в Казахстане:** ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан,
р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабыл-
дайтын заңды тұлға:** «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХ-
СТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы,
Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Кеден одағы техникалық регламентінің
талаптарына сәйкес келеді КО ТР 020/2011
«Техникалық құралдардың электрмагниттік
үйлесімділігі».

Тауар Еразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО
ТР 037/2016 «Электр техникасы және радиоэ-
лектроника бұйымдарында қауіпті заттардың
қолданылуын шектеу туралы» техникалық
регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Интернеттегі мекенжайы: www.dexp.club



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі
нұсқасында көрсетілген.

V.1

www.dexp.club